

Сабақтың тақырыбы: Ғ.Мүсіреповтың «Ананың анасы» әңгімесі .

Аңыз туралы ұғым

Сабақтың мақсаты: Ғ.Мүсіреповтың «Ананың анасы» әңгімесі негізінде аңыз әңгімелер жайлы ұғым қалыптастыру арқылы таным түйсігін дамыту.

Сабақтың міндеттері:

А) аңыз туралы алған білімдерін кеңейте отырып, сөйлеу тілін дамытады, сұрақ қойып жауап бере білуге үйренеді.

Ә) оқушылардың тіл байлықтары артып, ұтқыр да ойлы сөйлеуге үйренеді, тілдерін дамиды.

Б) аңыз әңгімелер арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді сіңіреді. Ізденімпаздықты, ұйымшылдықты үйренеді.

Сабақтың типі: қорытынды сабақ.

Сабақтың түрі: білімдерін бекіту сабағы.

Сабақтың әдісі: АКТ, СТО стратегиялары, топпен жұмыс, ой қозғау, сұрақ-жауап, топтастыру, автор орындығы

Көрнекілігі: презентациялық слайдтар

Құралдары: маркер, стикер, А3 формат қағаз.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Топқа бөлу

- Түстер – қызыл, сары, жасыл, көк.
- Әдебиет жанры – ертегі, аңыз, мақал-мәтелдер, жұмбақ.
- Кейіпкерлер - Жалпақ, Бала би, Ана, Кейкі.
- Әдебиет теориясы – пейзаж, портрет, теңеу, сюжет.

Психологиялық дайындық «Шаттық шеңбері»

Сабақ оқушылардың бір-біріне сәттілік тілеуінен басталады.



Бағалау парағы

Бағалау парағы

Топ аты: _____

Бағалаушы: _____

№	Топ мүшелері	Балл (0-3)
1 (оң)		
2 (сол)		

Жинақтау кестесі

Топ аты: _____

Бағалаушы: _____

№	Топ мүшелері	1 (оң)	2 (сол)	Ортақ
1				
2				
3				
4				
5				

Сабақтың ұраны:

**«Шығамын білім
шыңына»**

II. Қызығушылықты ояту

«Есімдер сөйлейді»

**Мына есімдер туралы не
айтасыңдар?**

***Жиренше, Қожанасыр, Алдар көсе,
Асан қайғы, Төле би***

III. «Иә», «Жоқ» стратегиясы.

Графикалық диктант.

1. Аңыз – ауыз әдебиетінің бір саласы бола ала ма?
2. Аңыздағы оқиғаның шешілуі адамды жақсылыққа жетелейді деуге бола ма?
3. Аңыз кейіпкерлерін өмірде болған жоқ деуге бола ма?
4. Аңыз әңгімелердің кейіпкерлері тарихи тұлғалар деуге бола ма?
5. Аңыздағы кейіпкерлердің сөзі де, ісі де тапқыр бола ма?

ІҮ. Ой шақыру

*** Аңыз дегеніміз не?**

*** Қандай аңыздарды білесіздер?**

*** Асан қайғы деген кім?**

*** «Жерұйық» дегеніміз не?**

*** «Ананың анасы» әңгімесінің аңызға қандай қатысы бар?**

«Ананың анасы» әңгімесінің композициялық құрылысы

«Ананың анасы» әңгімесінің тақырыбы - бүкіл тіршіліктің иесі ананың алдында бас ию.

Идеясы - аналарды қадірлеу, құрметтеу.

Экспозиция(басталуы) – Әйтілестің әңгімесі

Байланысы – Жалпақтың Ергенекті еліне аттануы. Қалың жылқы. Тұтқын қыз.

Шиеленісі – Жылқышының мерт болуы. Қуғыншы ана

Шарықтау шегі – Ананың сөзі. Кейкінің үкімі.

Шешімі – Ана мен қызына бостандық берілуі

Әдеби - теориялық ұғымдар

Шығарманың арқауы дегеніміз – оқиға желісі, оның дамуы.

Сюжетті шығармалар дегеніміз - батырлар жыры ертегілер, әңгіме, хикаят, романдар.

Сюжетсіз шығармалар - көңіл күйге байланысты өлең. Аңыз - эпостың көне түрлерінің бірі .Бұл да миф (*Миф – 1) көне аңыз, әңгіме; 2) тарихи-мәдени сананың ерекше күйі*) секілді, әсіресе, қиял араласқан фантастикалық хикая. Бірақ мифтен өзгешелігі - аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, көбіне тіпті, өмірде болған, халық жадында сақталған оқшау оқиғалар жатады. әр халықтың тарихындағы әлдебір абзал адамдар, аса көрнекті қайраткерлер хақында да талай аңыздар туған.



Постермен жұмыс

(таратылған аңыздар бойынша постермен жұмыс жүргізу)

- I топ – «Абай мен Әбіш»
- II топ – «Үйсін Төле би мен Әнет баба»
- III топ – «Бір жұлдызды құтқару»
- IV топ – «Екі қасқыр»

(жұмыс соңында тақтада презентацияланады)

РАФТ кестесі

(Дәптермен жұмыс)

Топ \ Бөлім	Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
I топ	Абай	Оқырман	Хат	Ақылдылық туралы
II топ	Төле би	Оқырман	Хат	Ынтымақ, бірлік туралы
III топ	Қамқоршы бала	Оқырман	Хат	Қайырымдылық туралы
IV топ	Дана қарт	Оқырман	Хат	Жақсы қасиеттер туралы

IX. Бағалау

(топ басшылары бағалау парағы бойынша сөйлейді)

Белсенділік танытқан оқушыларды бағалау.

Парақтағы ұпай арқылы бағаларын қою.

Үйге тапсырма:

Ой қозғау (Оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау үшін)

1.«Әңгімедегі бақытсыз жан» тақырыбына эссе жазу.

Кері байланыс

- Бүгінгі сабақта нені үйрендік?

Не ұнады? Не ұнамады?

Әр топтағы оқушылар парақшаға рефлексия жазады.